

"Самұрық-Қазына "Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 267 қаулысы.

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 2-тармағының 15-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайынғы негізде :

- 1) Астана халықаралық форумын өткізуді қаржыландыруды;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.02.2023 № 130 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин